



Ақпаратты қорғау саласында ғылыми зерттеулер мен техникалық әзірлемелер жүргізудің бағдарламасын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 2 сәуір N 433

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының

Ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің 2000-2003 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" 2000 жылғы 14 наурыздағы N 359

U000359_

Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Ақпаратты қорғау саласында ғылыми зерттеулер мен техникалық әзірлемелер жүргізудің бағдарламасы бекітілсін.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2001 жылғы 2 сәуірдегі
N 433 қаулысымен
бекітілген

Ақпаратты қорғау саласында ғылыми зерттеулер мен
техникалық әзірлемелер жүргізудің бағдарламасы

1. Бағдарламаның паспорты

Атауы Ақпаратты қорғау саласында ғылыми
зерттеулер мен техникалық әзірлемелер
жүргізудің бағдарламасы.

Әзірлеменің негіздемесі Ел Президентінің Қазақстан халқына
"Қазақстан-2030"

жолдауы, Ұзақ

мерзімді басымдық 1 "Ұлттық қауіпсіздік" бөлімі; 1999 жылғы 19 наурызда Қазақстан Республикасының Қауіпсіздік Кеңесі бекіткен Қазақстан Республикасының Ақпараттық қауіпсіздік тұжырымдамасы; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің 2000-2003 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" 2000 жылғы 14 наурыздағы N 359 Жарлығы.

Бағдарламаның мақсаты Ақпаратты қорғау жөніндегі бірыңғай техникалық саясатты қалыптастыру және жүргізу үшін ғылыми-әдістемелік және технологиялық негіз жасау; қажетті қорғалу дәрежесіне және қорғау объектілерінің техникалық сипаттамаларына негіздеме; ақпаратты қорғаудың отандық аппараттық, бағдарламалық және аппараттық-бағдарламалық құралдарын әзірлеу.

Бағдарламаның міндеттері Ақпаратты қорғау жөніндегі нормативтік-әдістемелік база жасау; ақпаратты қорғау стандарттарының ұлттық жүйесін қалыптастыру; қорғалатын ақпаратқа төнуі неғұрлым ықтимал қатердің түрлерін бағалау жөнінде ғылыми зерттеулер жүргізу және қарсы іс әрекеттің неғұрлым оңтайлы тәсілдерін белгілеу; ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің отандық әдістері мен құралдарының перспективалық даму бағыттарын таңдау,

ақпаратты қорғау саласында техникалық
әзірлемелерді жүзеге асыру;
ақпаратты қорғау жөнінде бірыңғай
техникалық саясатты қалыптастыру.

Қаржыландырудың көлемі мен көздері Бағдарламаны қаржыландыру ғылыми зерттеулерге арналған бағдарлама әкімшілеріне республикалық бюджетте көзделетін қаражат есебінен және шегінде жүзеге асырылады. Бағдарламаны бюджеттен қаржыландырудың қажетті көлемі 2001-2003 жылдарға 120 млн. теңгені құрайды, оның ішінде 2001 жылға - 40 млн. теңге, оның 20 млн. теңгесі 30 "Іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер" бағдарламасы бойынша, (30 "Іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулерді жүргізу" кіші бағдарламасы) Білім және ғылым министрлігіне бөлінетін қаражат есебінен және 20 млн. теңгесі 41 "Технологиялық сипаттағы қолданбалы ғылыми зерттеулер" бағдарламасы бойынша Энергетика және минералдық ресурстар министрлігіне бөлінетін қаражат есебінен құралады. Жыл сайынғы көлемі тиісті бюджеттік бағдарлама бойынша республикалық бюджетте көзделетін көлемге сәйкес нақтыланады.

Іске асыру мерзімі 2001-2003 жылдар

Мемлекеттік Білім және ғылым министрлігі, Энергетика
тапсырысшылар - және минералдық ресурстар министрлігі.
бағдарлама әкімшілері

2. Кіріспе

Әзірлеменің негіздемесі: Ел Президентінің Қазақстан халқына "Қазақстан-2030" K972030_ жолдауы, Ұзақ мерзімді басымдық 1 "Ұлттық қауіпсіздік" бөлімі; 1999 жылғы 19 наурызда Қазақстан Республикасының Қауіпсіздік Кеңесі бекіткен Қазақстан Республикасының Ақпараттық қауіпсіздік тұжырымдамасы; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің 2000-2003 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" 2000 жылғы 14 наурыздағы N 359 U000359_ Жарлығы болып табылады.

Ақпаратты қорғау саласында ғылыми зерттеулер мен техникалық әзірлемелер жүргізудің бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) Қазақстан Республикасының Ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің 2000-2003 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес және республиканың мүдделі министрліктері мен ведомстволарының ұсыныстары негізінде әзірленді.

Қазіргі заманда дамыған ақпараттық инфрақұрылым ұлттық экономиканың қалыпты жұмыс істеуін айқындайды. Ақпараттық ресурстар мемлекеттің экономикалық, әскери және саяси қуатының маңызды негізі болып табылады. Сондықтан ақпаратты қорғау мемлекет қызметінің аса маңызды саласы болып қалады.

Ақпаратты, оның ішінде мемлекеттік ақпарат ресурстарын қорғаудың ұлттық жүйесін жетілдіру және нығайту ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін негіз болып табылады. Мемлекеттік ақпарат ресурстарының жеткіліксіз қорғалуы маңызды саяси, экономикалық, ғылыми-техникалық ақпараттың орны толмас жоғалуына әкеп соғуы мүмкін. Қазіргі заманғы ақпараттық жүйелер ұлттық қауіпсіздікке қатер төнуін болдырмайтын ақпараттық орта мен ақпараттық кеңістіктің тиімді қорғалуын қажет етеді.

3. Проблеманың қазіргі жай-күйін талдау

Құпиялылығы әртүрлі деңгейдегі ақпараттың үлкен көлемдерін жинақтауды, өңдеуді және беруді қамтамасыз ететін телекоммуникациялар құралдарын, қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды қолдану арқылы жаңа компьютерлік жүйелердің кеңінен таралуы жағдайында ақпараттарға рұқсатсыз қол жеткізуден (әдейі және кездейсоқ) қорғауды қамтамасыз етуге деген талап күрт арттырылады. Әзірлемелердің еңбек қажеттілігі мен құны және ақпараттық ресурстардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету іс-шараларын, рәсімдерін қолдану өте маңызды.

Осы уақытқа дейін республикада моральдық және физикалық жағынан ескірген кеңес өкіметі кезінде шығарылған ақпаратты қорғау құралдары пайдаланылады, оларға техникалық қызмет көрсету қажетті конструкторлық және технологиялық құжаттаманың жоқтығынан көбінесе, мүмкін емес. Соңғы уақытта әкелінетін шетелдік

техникалық қорғау құралдары сызбатехникалық құжаттармен жинақталмаған, мұның өзі оларды пайдалануды қиындатады және регламенттік жұмыстар жүргізу мүмкіншілігін болдырмайды. Бұл ретте шет елде шығарылған әрбір техникалық құралдар шет елде берілген қауіпсіздік сертификаттары болуына қарамастан, орнату алдында техникалық сипаттамаларына сәйкестігі және ақпаратты рұқсатсыз алу үшін әдейі орнатылған құрылғылардың жоқтығы тексеріледі. Осы жұмыстар, тасымалдауға кеткен шығыстар сияқты шет елден сатып алынатын қорғаудың техникалық құралдарының түпкі құнын едәуір арттырады.

Қолда бар ақпараттандыру құралдарын және ақпараттық ресурстарды республикада рұқсатсыз қол жеткізуден сақтаудың әлсіз болуын айқындайтын негізгі проблемалар ақпаратты қорғау саласында бірыңғай мемлекеттік саясаттың жоқтығы болып табылады. Проблемалық мәселелерге, сондай-ақ:

ақпаратты өңдеу, сақтау және тарату құралдарының, ақпаратты қорғау құралдарының өз өндірісінің болмауы;

республикада пайдаланылатын ақпараттық қорғау құралдарының түрлері, әдістері, құралдары және тактикалық-техникалық сипаттамалары бойынша мониторинг деңгейінің төмендігі;

техникалық барлау мүмкіндіктерін объективті талдау;

ақпаратты қорғаудың техникалық құралдарының ұлттық жүйесін жасау саласындағы мақсатты ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстардың жеткіліксіздігі жатады.

Істің мұндай жай-күйі мемлекеттің ақпараттық қауіпсіздігіне елеулі қатер төндіреді.

Проблеманы шешуге ақпаратты қорғау саласында ғылыми зерттеулер мен техникалық әзірлемелер жүргізуді көздейтін кешенді мақсатты бағдарлама жәрдемдеседі.

Компьютерлік жүйелердегі ақпаратты қорғау проблемасына арналған зерттеулерді талдау ақпаратты өңдеу, сақтау және беру процестерінің негізгі кезеңдерін ескеретін және берілген өлшемдерге сәйкес қорғаудың әдістері мен құралдарын таңдауды қамтамасыз ететін кешенді көзқарас оны тиімді шешудің маңызды шарты болып табылатынын көрсетеді.

Ақпараттық ресурстардың қауіпсіздігін қамтамасыз етудің іс-шаралары мен рәсімдерін әзірлеу кезінде мынадай негізгі факторлар ескерілуі тиіс: ақпараттың құпиялық деңгейі; пайдаланушылардың әртүрлі санаттарының өкілеттігі; ақпарат жылыстауының ықтимал арналарының ерекшелігі; қорғау құралдарының сипаттамасы және белгілі қорғау құралдарын пайдаланудың немесе түпнұсқалар әзірлеудің орындылығы.

Талдау мемлекеттік ақпараттық ресурстардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін осы сәттегі оларда құпия ақпарат бар 2000-нан астам объектілерді қорғаудың

техникалық құралдарымен жарақтандыру қажет екенін көрсетті. Шешім құпиялығы жоғары дәрежедегі ақпаратпен жұмыс жүргізетін мемлекеттік ұйымдарды отандық өндірістегі ақпаратты қорғаудың бағдарламалық-техникалық құралдарымен қамтамасыз ету болуы тиіс.

Отандық ғылыми-әдістемелік және технологиялық база негізінде жүзеге асырылған ақпаратты қорғау құралдарының отандық өндірісін ұйымдастыру тек оларға деген сұранысты қамтамасыз етіп қана қоймай отандық схематехникалық және құрастыру материалдар болған жағдайда, техникалық және регламенттік қызмет көрсетуді ұйымдастыруға шығындарды елеулі түрде азайтады, нәтижесінде, бюджеттік қаражатты едәуір үнемдеуді, сонымен бір мезгілде қосымша жұмыс орындарын ұйымдастыруды қамтамасыз етеді.

4. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері

Бағдарламаның мақсаты:

ақпараттың құпиялық деңгейіне және қорғау объектісінің техникалық сипаттамасына байланысты қорғаудың қажетті дәрежесін бағалаудың ғылыми негіздемесі;

қорғалатын ақпаратқа рұқсатсыз қол жеткізудің неғұрлым ықтимал арналарын табуға арналған әдістемелері мен техникалық құралдарының, сондай-ақ мұндай арналарды жабудың немесе әлсіретудің әдістері мен техникалық құралдарын әзірлеу;

тапсырыс берушінің талаптарына сәйкес ақпаратты қорғаудың отандық ақпараттық, бағдарламалық және ақпараттық-бағдарламалық құралдарын әзірлеу болып табылады.

Көрсетілген мақсатқа жету үшін ақпаратты қорғаудың отандық аппараттық, бағдарламалық және аппараттық-бағдарламалық құралдарын шығару мен техникалық алып жүруді қамтамасыз етуге арналған ғылыми зерттеулер, тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар жүргізу және ғылыми-техникалық базаны қалыптастыру көзделінеді.

Бағдарламаны іске асыру мынадай міндеттерді шешуге:

ақпаратты қорғау жөніндегі нормативтік-әдістемелік база жасауға;

ақпаратты қорғау стандарттарының ұлттық жүйесін қалыптастыруға;

қорғалатын ақпаратқа төнуі неғұрлым ықтимал қауіптің түрлерін бағалау және оған қарсы іс әрекеттің неғұрлым оңтайлы тәсілдерін айқындау жөніндегі ғылыми-зерттеулерді жүргізуге;

ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің отандық әдістері мен құралдарының перспективалық даму бағыттарын таңдауға, ақпаратты қорғау саласындағы техникалық әзірлемелерді жүзеге асыруға;

ақпаратты қорғау жөніндегі бірыңғай техникалық саясатты қалыптастыруға бағытталған.

5. Бағдарламаны іске асырудың негізгі бағыттары мен тетігі

1. Ақпаратты қорғау жөніндегі нормативтік-әдістемелік база жасау:

1) ақпаратты қорғау саласындағы қолда бар құжаттарды талдау және ақпаратты алу тәсілдері мен құралдарын дамытудың негізгі тенденцияларын, сондай-ақ оларға қарсы іс-әрекет әдістерін ескере отырып, оларды жетілдіру жөніндегі ұсынымдар әзірлеу;

2) ақпараттың жылыстауының барлық ықтимал арналары бойынша техникалық құралдары мен үй-жайларды тиімді қорғаудың стандарттарының, нормаларының және ақпаратты қорғау жөніндегі әдістемелердің жобаларын әзірлеу;

3) ақпараттың барлық арналар бойынша жылыстауының техникалық құралдар мен үй-жайларды тиімді қорғау нормаларына қорғау объектілерінің сәйкестігін тексеру әдістемелерін әзірлеу.

2. Ақпаратты қорғау саласындағы ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу:

1) ғаламдық ақпарат желілеріне ұлттық ресурстарды және ақпараттық инфрақұрылымдарды қорғау позициясымен ұлттық және корпоративтік ақпараттық және телекоммуникациялық желілерінің ену қағидаттарын әзірлеу;

2) ақпаратқа рұқсатсыз қол жеткізуден техникалық құралдарды қорғаудың жіктемесі мен өлшемдері. Қорғалатын объектілер үшін, сондай-ақ электрондық ақпаратты өндеудің жекелеген құралдары мен желілік жүйелері үшін ақпарат жылыстауының ықтимал арналарын кешенді зерттеу;

3) ақпараттың жылыстау арналарын әлсірету немесе жабу жөніндегі неғұрлым тиімді әдістері мен құралдарын таңдау;

4) операциялық жүйелерде және жалпы пайдаланудың қолданбалы бағдарламалық өнімдерінде ақпаратқа төнуі ықтимал қауіптің болуы мен оған қарсы іс әрекет әдістерін әзірлеу.

3. Тәжірибелік үлгілерін дайындау арқылы, ақпаратты қорғаудың аппараттық және бағдарламалық құралдарын әзірлеу жөніндегі тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды жүргізу және оларды аттестаттау:

1) ақпаратты қорғау үшін қолданбалы бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу және мақұлдау;

2) ақпаратты қорғаудың техникалық құралдарының тәжірибелік үлгілерін, оның ішінде ақпаратты электрондық өндеу құралдарына қарсы іс әрекетті әдейі күшпен әсер етудің, аппараттық құралдарын сондай-ақ ақпаратты қорғаудың тиімділігін бақылауды қамтамасыз ету жөніндегі құралдарын әзірлеу және жасау;

3) техникалық барлауға қарсы іс әрекеттің аппараттық-бағдарламалық кешендерін әзірлеу;

4) криптографиялық талдауды дамытудың негізгі үрдістерін ескере отырып, ақпаратты криптографиялық қорғаудың отандық құралдарының негіздерін әзірлеу және

ж а с а у .

4. Ақпаратты қорғау құралдарын аттестаттау және сертификаттау процестерін ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету:

1) ақпаратты, сондай-ақ қорғау объектілерін өңдеу, беру, қабылдау және сақтау құралдарының талап етілетін қорғалу деңгейі бойынша аттестаттаудың және сертификаттаудың ғылыми негізделген әдістемелерін әзірлеу;

2) ақпаратты қорғау құралдарын, оның ішінде криптографиялық қорғау аппаратураларын техникалық алып жүруді ұйымдастыру.

Бағдарламаны іске асыру ғылыми-техникалық өнімді түпкі тұтынушылардың тапсырмаларына сәйкес келетін және конкурстық іріктеуден өткен жобаларды орындауға арналған мемлекеттік тапсырыс негізінде жүзеге асырылады.

Бұл ретте Бағдарламаның әкімшілері:

Білім және ғылым министрлігі - ақпаратты қорғау жөніндегі нормативтік-әдістемелік база жасау жөніндегі жұмыстарды және ақпаратты қорғау саласындағы ғылыми-зерттеу жұмыстарды жүргізуді;

Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі тәжірибелік үлгілерін жасап, ақпаратты қорғаудың ақпараттық және бағдарламалық құралдарын әзірлеу жөніндегі тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды жүргізуді, ақпаратты қорғау құралдарын аттестаттау және сертификаттау процестерін ғылыми-әдістемелік алып жүруді қ а м т а м а с ы з е т е д і .

Жұмыстардың негізгі кезеңдері:

Бағдарламаның әкімшілері Бағдарламаның тапсырмаларын орындауға арналған міндетті мемлекеттік сараптама арқылы конкурстар өткізу және конкурстық негізде б а с т ы ұ й ы м д а р д ы б е л г і л е у ;

әкімшілер тиісті бағыттар бойынша Бағдарламаның кеңейтілген нұсқаларын қ а л ы п т а с т ы р у ;

Бағдарламаның тапсырмаларын орындауды үйлестіру және ағымдағы бақылау аралық және қорытынды есептерді дайындау нәтижелерді мемлекеттік қабылдау болып т а б ы л а д ы .

6. Қажетті ресурстар және қаржыландыру көздері

Бағдарламаны қаржыландыру ғылыми зерттеулерге бағдарламаның әкімшілеріне республикалық бюджетте көзделген қаражат есебінен және шегінде жүзеге асырылады. Бағдарламаны 2001-2003 жылдарға арналған бюджеттен қажетті қаржыландыру көлемі 120 млн. теңгені құрайды, оның ішінде 2001 жылға - 40 млн. теңге, оның 20 млн. теңгесі 30 "Іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер" бағдарламасы бойынша, (30 "Іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулерді жүргізу" кіші бағдарламасы) Білім және ғылым министрлігіне бөлінетін қаражат есебінен және 20 млн. теңгесі 41 "

Технологиялық сипаттағы қолданбалы ғылыми зерттеулер" бағдарламасы бойынша Энергетика және минералдық ресурстар министрлігіне бөлінетін қаражат есебінен. Жыл сайынғы мөлшері тиісті бюджет бағдарламасы бойынша республикалық бюджетте көзделген мөлшерге сәйкес нақтыланады.

7. Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтижелер

Бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер:
ақпаратты қорғау жөніндегі нормативтік-әдістемелік база;
ақпаратты қорғау стандарттарының ұлттық жүйесі;
қорғалатын ақпаратқа төнуі неғұрлым ықтимал қауіп түрлерін бағалау

және қарсы іс әрекеттің неғұрлым оңтайлы тәсілдерін айқындау жөніндегі ұсынымдар;

ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін отандық әдістер мен құралдарды пайдалануды дамытудың перспективалық бағыттары болып табылады;
ақпаратты қорғаудың аппараттық, бағдарламалық және аппараттық-бағдарламалық жүйелері мен құралдарын, сондай-ақ оның қорғалу жай-күйін бақылаудың техникалық құралдарын техникалық әзірлеу және тәжірибелік пайдалану.

8. Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

Р/с !	Іс-шаралар	! Аяқтау	! Орындауға	! Орындау
N !	! нысаны	! жауаптылар	! мерзімі	

Ұйымдастыру іс-шаралары

1	Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 14 нау. әкімшілерінің- әкімшілері жылғы 2001 жылғы 2 тоқсан	Бағдарлама	Бағдарлама	2001
	рыздағы N 359 Жарлығымен бекітіл. министрлік- ген іс-шаралар жоспарының 4.1.- тердің тармағының орындалуына жауапты бұйрықтары министрліктер мен ведомстволар. дың өкілдерін тартып, Бағдарлама. ның тиісті бағыттары бойынша жобаларды іріктеу жөніндегі конкурстық комиссияларды құру			

2 Бағдарламаның тиісті бағыттары Бағдарламалар Бағдарлама 2001
бойынша жобаларды іріктеу әкімшілерінің- әкімшілері жылғы
жөніндегі конкурстарды ұйым. министрлік- 2 тоқсан
дастыру мен өткізу және басты тердің
ұйымдарды айқындау бұйрықтары,
конкурстық
комиссия
материалдары

3 Жобаларды іріктеу конкурсы. Бағдарлама Бағдарлама 2001
ның нәтижелері бойынша 2001- әкімшілерінің- әкімшілері, жылғы
2003 жылдарға арналған Бағ. министрлік- бас ұйымдар 2 тоқсан
дарламаның кеңейтілген тердің
нұсқаларын қалыптастыру бұйрықтары

4 Бағдарламаның мақсатты Бағдарлама Бағдарлама 2001-
қаржыландырылуын бағдарламаның әкімшілерінің- әкімшілері 2003
әкімшілеріне республикалық министрлік- жылдар
бюджетте көзделген қаражат тердің
есебінен және шегінде қамта. бұйрықтары
масыз ету

5 Бағдарламаны іске асыру Есеп Бас ұйымдар, Жыл
жөніндегі есептерді ұсыну Бағдарлама сайын
және оларды белгіленген әкімшілері 4 тоқсан
тәртіппен қарау

Негізгі ғылыми-техникалық тапсырмалар

6 Ақпаратты қорғау жөніндегі Ақпаратты Білім және 2001-
нормативтік-әдістемелік база қорғау жөнін. ғылым 2003
жасау дегі стандарт. министрлігі жылдар
тардың жоба.
лары, әдісте-
мелік нұсқау

7 Ақпаратты қорғау саласындағы Қорғалатын Білім және 2001-
ғылыми-зерттеу жұмыстарын ақпаратқа ғылым 2003
жүргізу төнуі неғұрлым министрлігі жылдар

ықтимал қа.
уіптің түрлерін
бағалау және
қарсы іс әрекет.
тің неғұрлым
оңтайлы тәсіл.
дерін белгілеу
жөніндегі
ұсынымдар

-
- 8 Тәжірибелік үлгілерін дайындау Конструктор. Энергетика 2001-
арқылы ақпаратты қорғаудың лық-техноло. және мине. 2003
аппараттық және бағдарламалық ғиялық және ралдық ре. жылдар
құралдарын әзірлеу жөніндегі бағдарламалық сурстар
тәжірибелік-конструкторлық құжаттама. министрлігі
жұмыстарды жүргізу және оларды Тәжірибелік
аттестаттау үлгілер, қа.
былдау-өткізу
сынақтарының
кесімдері.
Сәйкестілік
аттестаттары

-
- 9 Ақпаратты қорғау құралдарын Әдістемелік Энергетика 2001-
аттестаттау және сертификаттау нұсқаулар және мине. 2003
процестерін ғылыми-әдістемелік және басқа да ралдық ре. жылдар
қамтамасыз ету арнайы норма. сурстар
тивтік кесім. министрлігі
дер. Бұйым.
дарды аттестат.
тау және сер.
тификаттау
туралы куә.
ліктердің
ақпаратты
қорғау жөнін.
дегі норма.
ларына
сәйкестігі

Мамандар:

Багарова Ж.А.

Жұманазарова А.Б.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК